

Ресей Федерациясында еңбек қызметін жүзеге асыруға ниеттенген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттері азаматтарының мәліметіне

Ресей Федерациясы Үкіметінің 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 1467 қаулысымен, Ресей Федерациясының аумағында жекелеген экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерімен қолданылатын шетелдік жұмыскерлердің 2018 жылға арналған рұқсат етілген үлесі белгіленген.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың (бұдан әрі ЕАЭО туралы Шарт) 97-бабы 1 тармағында мүше мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) тапсырыс берушілері еңбектің ұлттық нарығын қорғау бойынша шектеулерді ескермей, мүше мемлекеттердің еңбек етушілерін еңбек қызметін жүзеге асыруға жұмылдыруға құқылы екені белгіленген. Бұл арада, мүше мемлекеттердің еңбек етушілеріне жұмысқа орналасатын мемлекетте еңбек қызметін жүзеге асыруға арналған рұқсат алу қажет емес.

Осыған байланысты, Еуразиялық экономикалық комиссиясы Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен алған (2018 жылғы 28 наурыздағы № 16-4/B138 хаты) түсіндірулерге сәйкес, ЕАЭО туралы Шарттың негізінде Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасының азаматтарына Ресей Федерациясы Үкіметінің 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 1467 қаулысымен бекітілген Ресей Федерациясының аумағында жекелеген экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерімен қолданылатын шетелдік жұмыскерлердің рұқсат етілген үлесі таралмайды.